

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 шілдедегі N 698 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 шілдедегі N 1055 Қаулысымен

Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.10 N 1055 Қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 38, 504-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

кіріспедегі "2001 жылғы 12 шілдедегі" деген сөздер "2001 жылғы 12 маусымдағы" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкалары жыл сайын қайта қаралады.";

көрсетілген қаулымен бекітілген Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкаларында:

"Бір абонент үшін айлық есептік көрсеткішпен төлемнің жылдық ставкалары" деген бағандағы "1,724", "0,862" және "0,862" деген сандар "1,137", "0,568" және "0,568" деген сандармен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы 2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми түрде жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі